



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

АҚ "Станция Экибастузская ГРЭС-2", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер үшін төлемді Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақша аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) аяқтау туралы куәлік – екі тарап қол қойған қағаз тасығышта;

2.5.3. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ЭШФ АЖ-да электронды түрде берілген шот-фактура. Электрондық нысандағы шот-фактураны беру техникалық себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, шот-фактура Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделетін қағаз түрінде ресімделеді.

2.6. Жоғарыда аталған құжаттардың барлығы ұсынылған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде ресімделуі тиіс.

2.7. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.


2.9. Орындаушы көрсеткен қызметтердің нәтижелеріне ақы төлеу бойынша Тапсырыс берушінің міндеттемелері Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің шотынан ақша аударылған (есептен шығарылған) кезден бастап орындалған болып есептеледі.

2.10. Шығындарды енгізу коды -2-1-3-4-38-0053/3.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





3.1. Қызмет көрсету орны - Орындаушының аумағы.

3.2. Қызметтерді көрсету мерзімі - шартқа екі тарап қол қойған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күні ішінде жүргізіледі.

3.3. Қызметтер көрсету шарттары-қызметтер осы Шарттың қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес Орындаушының асырауында, оның күшімен және құралдарымен көрсетіледі. Қызметтер көрсету кезінде қажетті материалдар мен тауарларды Орындаушы оларды Қазақстан Республикасында шығарған жағдайда отандық тауар өндірушілерден сатып алуға тиіс.

3.4. Тапсырыс беруші көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасы бойынша Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын қосымшаларға сәйкес көрсетілген қызметтер актісімен қабылдайды. Тапсырыс берушінің көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні қызмет көрсету күні болып есептеледі.

3.5. Орындаушының қызмет көрсету бойынша өзара іс-қимылы Тапсырыс берушінің өкілімен телефон байланысы арқылы 8/771/ 93-74-487 телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы бойынша жүргізіледі eko_ing@gres2.kz.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Қызметтер осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде және мерзімдерде, сондай-ақ Шартта және оған қосымшаларда көзделген талаптарда толық көлемде көрсетілісін.

4.1.3. Көрсетілген қызметтерді шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

4.1.4. Осындай қызмет көрсетуге құқығы бар білікті мамандардың қызмет көрсетуін қамтамасыз ету.

4.1.5. Қызмет көрсету мерзімін сақтамағаны үшін, тиісті дәрежеде көрсетпегені үшін жауапты болады.

4.1.6. Қажетті ақпарат пен құжаттаманы жинауды жүзеге асыру.

4.1.7. Қызмет көрсету барысын баяулататын немесе қызмет көрсетуді одан әрі жалғастыруға мүмкіндік бермейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау қажет.

4.1.8. Қызметтер көрсету күніне және / немесе қызметтер көрсету аяқталатын күнге қызметтер көрсету фактісін растайтын құжаттардың (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес орындаушы қол қойған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі және шот-фактура) түпнұсқаларын ұсыну қажет.

4.1.9. Қызмет көрсету және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушінің мекенжайына өз тарапынан ресімделген өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жібереді. Тапсырыс беруші өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алған сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде Тараптар арасында есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізеді, қажет болған жағдайда оған келіспеушіліктер хаттамасын ресімдейді және Орындаушыға өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісінше ресімделген бір актісін қайтарады. Тапсырыс беруші 1 (бірінші) жарты жылдан және күнтізбелік жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей өз тарапынан ресімделген өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Орындаушының мекенжайына жібереді. Орындаушы өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Тараптар арасында есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізеді, қажет болған жағдайда келіспеушіліктер хаттамасын ресімдейді және Тапсырыс берушіге өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісті ресімделген бір актісін қайтарады.

4.1.10. Өз қызметкерлерінің және бірлесіп Орындаушының қызметкерлерінің орындауын қамтамасыз ету: - Еңбек және өндірістік тәртіп нормалары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер; - Тапсырыс берушінің материалдық құндылықтарының сақталуы туралы нормалар; - өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары бекітілісін.


4.1.11. Тапсырыс берушінің ішкі аудиторына жұмыстың барысы мен сапасын тексеру үшін қажетті құжаттар мен учаскелерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету.

4.1.12. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.12.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.13. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.14. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;





4.1.15. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.16. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.17. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.18. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.19. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.20. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.21. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.22. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.23. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.24. Шартқа екі тарап қол қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметтер бойынша есептік-сметалық құжаттаманы келісуге және бекітуге ұсыну.

4.1.25. Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Орындаушы қызмет көрсету кезінде мердігер пайдаланған, Қазақстан Республикасында материалдар мен тауарлардың өндірілгенін растайтын құжаттарды (түпнұсқа немесе мердігердің мөрімен расталған көшірме) ұсыну қажет, оларды Қазақстан Республикасында шығарған жағдайда, немесе Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Орындаушы қызмет көрсету кезінде мердігердің материалдар мен тауарлардың Қазақстан Республикасында шығарылмайтындығын жазбаша түсіндіру.

4.1.26. Шарттың орындалуы шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттер, стандарттар ережелерімен белгіленген талаптарға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өзге де құжаттарға сәйкестілігін растаушы құжаттарды тапсыру.

4.1.27. Сілтеме бойынша Тапсырыс берушінің сыртқы сайтында орналастырылған тапсырыс берушінің "СЭГРЭС-2 "АҚ-дағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты" Пл-05-22-мен танысу <https://gres2.kz/wp-content/uploads/2024/04/pl-05-22-politika-protivodejstviya-moshennichestvu-i-korrupczij-v-ao-segres-2.pdf>.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.


4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қояды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны





қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Көрсетілетін қызметтердің барысы туралы жазбаша растауды сұрату.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Орындаушыдан көрсетілген құжатты қағаз жеткізгіште алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар актісі бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауға не көрсетілген мерзімде көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті. Көрсетілген қызметтерде кемшіліктер болған кезде Орындаушыға кемшіліктерді жою мерзімін көрсете отырып, олардың тізбесін жіберіңіз.

4.3.3. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.4. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.5. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.6. Мердігер есеп айырысу-сметалық құжаттаманы ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есеп айырысу-сметалық құжаттаманы қарауға, келісуге, бекітуге, есеп айырысу-сметалық құжаттаманың бір данасын мердігерге қайтаруға міндетті. Ескертулер болған кезде Тапсырыс беруші есеп айырысу-сметалық құжаттамаға келіспеушіліктер хаттамасын ресімдейді және оны келіспеушіліктер хаттамасымен бірге мердігерге қайтарады.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге; көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге құқылы.


4.4.7. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын тексеру.

4.4.8. Көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын бақылау мақсатында кез келген уақытта орындаушыдан қызмет көрсету барысы туралы аралық есептерді сұратуға.

4.4.9. "Менеджмент жүйесінің ішкі аудиттерін жүргізуді ұйымдастыру" ДП-9.1 сәйкес Орындаушы көрсететін қызметтерге сәйкестігіне аутсорсингтік процестің ішкі тексерістерін жүргізу.

4.4.10. Егер орындаушы көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, бұзушылықтар жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім беруге жазбаша нұсқамен;

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі





5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Орындаушы мойындаған болып саналады және орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (10) хабарламаны алған сәттен бастап жұмыс күндері тиісті түрде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және / немесе көрсетілген қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыру Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде Қызметтер көрсетуді тиісті түрде қамтамасыз етуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызмет көрсету сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанатын. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсім мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтердің құнын төлеуге құқылы.

5.6. Егер кемшіліктер осы Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, Шартты бұзуға және орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 1%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,01% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 1%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Қызметтер бойынша уақтылы жойылмаған ескертулердің құнынан 0,01%, бірақ Қызметтер бойынша уақтылы жойылмаған ескертулердің құнынан 1%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. 4.1.24-тармағында белгіленген есептік-сметалық құжаттаманы ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін, мерзімі өткен бірінші күннен бастап, осы Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 1% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.2.6. Шарттың 4.1.25- тармақшасында көрсетілген құжаттар не түсініктемелер берілмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге





шарттың жалпы сомасының 0,01% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

7.2.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен олқылықтары үшін жауапты болады және осындай бұзушылықтардың салдары болып табылған барлық залал мен шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

7.2.8. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің, бірлесіп Орындаушының жұмыскерлері мен сенім білдірген адамдарының, сондай-ақ шарт шеңберінде қызметтердің бір бөлігін көрсететін басқа да адамдардың әрекеттері мен қателіктері үшін орындаушымен жасалған шарт негізінде жауаптылықта болады және осындай бұзушылықтардың салдары болып табылған барлық залал мен шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

7.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің денсаулығына зиян келтірумен немесе залал келтірумен, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза табуымен, бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің және Тапсырыс беруші қызметкерлерінің қаза табуымен байланысты және шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін толық жауапты болады, Бұдан басқа, Орындаушы персоналы мен бірлесіп орындаушы персоналының барлық іс-әрекеттері үшін жауапты болады.

7.2.10. Орындаушы өз қызметкерлерінің және орындаушы қызметкерлерінің қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ осы қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік және заңнамалық актілерінде белгіленген барлық нормалар мен қағидаларды сақтауы үшін жауапты болады.

7.2.11. Орындаушы Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады және шағым берілген жағдайда осындай бұзушылықтардың салдары болып табылған барлық залал мен шығыстарды өтеуге міндеттенеді.

7.2.12. Орындаушы Шарттың толықтығына, анықтығына және құпиялылығына жауапты болады, сондай-ақ шартты орындау барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

7.2.13. Орындаушының осы Шарттың (4.1.8, 4.1.9) тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсыну жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін Тапсырыс беруші орындаушыдан міндеттемені орындау күніне ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұлды төлеуді талап етуге құқылы. Тараптар Орындаушы осы тармақта көрсетілген өсімпұлды есептеу мақсаттары үшін осы Шарттың (4.1.8, 4.1.9) тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсыну бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, орындаушы орындамаған міндеттеменің сомасы болып шот-фактурада және/немесе қызметтер көрсету фактісін растайтын құжаттарда көрсетілуге тиіс сома есептеледі деп уағдаласты.

7.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,01% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 1%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.4.4. Тапсырыс берушінің 4.3.7-тармағында белгіленген есептік-сметалық құжаттаманы келісу, бекіту мерзімі бұзылған жағдайда. Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен бірінші күннен бастап осы Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 1% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт талаптарының орындалуын жазбаша талап етуге құқылы. Егер Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Орындаушы өз міндеттемелерін орындау үшін шаралар қолданбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын Орындаушыны хабардар ете отырып, шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап ете отырып, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.





7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Орындаушы мен бірлесіп Орындаушының қызметкерлері өздерінің Еңбек міндеттерін Тапсырыс берушінің аумағында орындаған кезде болған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен тікелей орындаушы жүргізеді.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Егер Орындаушы Шарт талаптарын елеулі түрде бұзған болса, Тапсырыс беруші Шартта көрсетілген мерзімге дейін шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Шарт талаптарын елеулі түрде бұзу мыналарды қамтиды, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

8.4.1. Орындаушы Тапсырыс беруші көрсеткен мерзімде көрсетілген қызметтерде анықталған кемшіліктерді, ақауларды жоймайды, бұл ретте Орындаушы Шартта көзделген тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдарды төлеуге міндетті.

8.4.2. Егер Орындаушы шартқа қатысты көрінеу жалған ақпарат берсе, бұл ретте Орындаушы шартта көзделген тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдарды төлеуге міндетті.

8.4.3. Орындаушы қызмет көрсету мерзімін бұзады, бұл ретте Орындаушы шартта көзделген тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдарды төлеуге міндетті.

8.5. Тапсырыс беруші, егер Орындаушы банкрот немесе төлем қабілетсіз болып қалса, орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда міндеттемелерді тоқтату дереу жүзеге асырылады, бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушінің шарттан бас тарту туралы хабарламасын алған күні шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы.


8.6. Тапсырыс беруші орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұзуға құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс.

8.7. Шартты тараптардың өзара келісімі бойынша және шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша мерзімінен бұрын бұзуға болады. Шартты бұзу, шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, екі тараптың да оны бұзу туралы келісімге қол қоюы арқылы ресімделеді, бұл ретте екінші Тараптың ұсынысына жауап беру үшін бес күн мерзім белгіленеді.

8.8. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.9. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.10. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге тиіс,





күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушының Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы бар. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Орындаушы бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

8.11. Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) Тараптардың кез келгені бұл туралы екінші Тарапқа күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіріусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Қандай да бір Тараптың заңды (нақты) мекенжайы, сондай-ақ банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай өзгерістер болған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Ескі мекенжайлар мен банк деректемелері бойынша тараптардың міндеттемелерін олардың өзгерістері туралы хабарламаға дейін орындау тиісті және тиісінше деп есептеледі.

9.4. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.5. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.6. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және Тараптар міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін дейін жарамды.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Құзыретті органмен берілген куәлік форс-мажорлық жағдайлардың болуы мен ұзақтығын жеткілікті растау болып табылады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер тиісті хаттарды жіберу жолымен жазбаша тәртіппен шешіледі.

12.2. Осы Шарттың 12.1-тармағында белгіленген тәртіппен Тараптар шешпеген осы Шарттан туындайтын немесе оны бұзуға, тоқтатуға, жарамсыздыққа қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер, талаптар Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

12.3. Осы Шартта реттелмеген барлық ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл





13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

